



# Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

## 2023 жылғы маусым

2023 жылғы маусымда жылдық инфляция 14,6%-ды құрады (мамырда – 15,9%). Азық-түлік тауарларының бағасы өсуі бір жылда 14,6%-ға дейін (мамырда – 16,5%), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 15,8%-ға дейін (мамырда – 17,2%), ақылы көрсетілетін қызметтердің бағасы 13,3%-ға дейін (мамырда – 13,5%) баяулады.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 20 өңірде баяулады. Жылдық инфляция 10 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Солтүстік Қазақстан мен Ұлытау (15,9%-дан) облыстарында, сондай-ақ Ақмола облысында және Астана қаласында (15,8-дан) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2022 маусым – 2023 маусым), %-бен

Солтүстік Қазақстан	14,2	15,9	Батыс Қазақстан	14,4	14,6
Ұлытау	15,3	15,9	Қазақстан Республикасы	14,5	14,6
Ақмола	15,3	15,8	Жамбыл	13,7	14,5
Астана қ.	14,6	15,8	Қызылорда	14,1	14,5
Маңғыстау	17,0	15,6	Ақтөбе	14,5	14,4
Шығыс Қазақстан	14,3	15,3	Алматы қ.	14,2	14,4
Павлодар	13,8	15,0	Түркістан	15,7	14,4
Абай	14,3	14,7	Шымкент қ.	13,9	14,1
Жетісу	15,0	14,7	Қарағанды	15,5	14,0
Қостанай	14,2	14,7	Атырау	14,1	13,7
			Алматы	14,3	13,0

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда **азық-түлік** тауарлары ел бойынша деңгейден (14,6% ж/ж) жоғары Маңғыстау (17,2%), Ұлытау облыстарында (16,4%), Астана қаласында (16,2%), Қызылорда және Абай (16,0%-дан), Ақмола (15,9%), Солтүстік Қазақстан (15,7%), Павлодар (15,6%), Қостанай және Шығыс Қазақстан (15,3%-дан), Жамбыл (15,2%), сондай-ақ Қарағанды (14,8%) облыстарында қымбаттады.

**Азық-түлікке жатпайтын** тауарлардың бағасы елдегіден (15,8% ж/ж) жоғары Астана қаласында (21,5%), Шығыс Қазақстан (18,0%), Солтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында (16,8%-дан), Түркістан облысында (16,6%), Шымкент қаласында және Абай (16,3%-дан), сондай-ақ Жамбыл (16,0%) облыстарында өсті.

**Ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы 13,3%-ға дейін ж/ж баяулады, бұл ретте Ұлытау (17,3%), Ақмола (16,9%), Маңғыстау (16,3%), Солтүстік Қазақстан (15,2%), Ақтөбе облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласында (15,1%-дан), Жетісу (15,0%), Түркістан (14,6%), Павлодар (14,5%) және Батыс Қазақстан (14,2%) облыстарында мәндер жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
<b>Қазақстан Республикасы</b>	<b>14,6</b>	<b>15,8</b>	<b>13,3</b>
Ақмола	15,9	15,0	16,9
Ақтөбе	13,5	15,1	15,1
Алматы	13,9	12,4	11,8
Атырау	13,2	14,7	13,0
Батыс Қазақстан	14,6	14,8	14,2
Жамбыл	15,2	16,0	11,0
Қарағанды	14,8	13,9	12,9
Қостанай	15,3	15,8	12,8
Қызылорда	16,0	14,4	12,3
Маңғыстау	17,2	12,7	16,3
Павлодар	15,6	14,5	14,5
Солтүстік Қазақстан	15,7	16,8	15,2
Түркістан	13,4	16,6	14,6
Шығыс Қазақстан	15,3	18,0	12,1
Астана қ.	16,2	21,5	11,1
Алматы қ.	12,7	16,8	15,1
Шымкент қ.	14,0	16,3	11,8
Абай	16,0	16,3	10,7
Жетісу	14,3	14,6	15,0
Ұлытау	16,4	14,2	17,3

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2023 жылғы маусымда елдегі айлық инфляция 0,5%-ды құрады, бұл тарихи орташа мәнге<sup>i</sup> (2017-2021 жылдардағы маусымда 0,5%) сәйкес келеді. Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында, Астана мен Алматы қалаларында, Павлодар мен Абай облыстарында 2023 жылғы маусымда баға орташа тарихи мәнінен жоғары өсті. Ақмола, Қызылорда және Қостанай облыстарында бағаның өсуі орташа тарихи мәнін сақтады. Маңғыстау мен Солтүстік Қазақстан облыстарында (0,9%-дан) айлық инфляцияның ең жоғары мәні байқалды.

2-кесте. 2023 жылғы маусымдағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы маусымдағы орташа мәні	2023 жылғы маусым	Өңірлер	5 жылғы маусымдағы орташа мәні	2023 жылғы маусым
Қазақстан Республикасы	0,5	0,5	Қостанай	0,5	0,5
Маңғыстау	0,7	0,9	Батыс Қазақстан	0,5	0,4
Солтүстік Қазақстан	0,6	0,9	Павлодар	0,2	0,4
Ұлытау	-	0,8	Абай	-	0,4
Шығыс Қазақстан	0,6	0,7	Жамбыл	0,4	0,3
Астана қ.	0,5	0,7	Қарағанды	0,5	0,3
Ақмола	0,6	0,6	Түркістан	0,4	0,3
Қызылорда	0,6	0,6	Алматы	0,5	0,2
Алматы қ.	0,5	0,6	Ақтөбе	0,4	0,1
Жетісу	-	0,6	Шымкент қ. <sup>ii</sup>	0,4	0,0
Атырау	0,6	0,5			

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

---

<sup>i</sup> Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 жылғы деректер есепке алынбайды, себебі бұл қомақты деректер. Маусымда инфляция маусымдық түрде салыстырмалы төмен деңгейде қалыптасуда. 2021 жылғы маусымда көкөністердің, атап айтқанда, картоптың, сәбіздің және қызылшаның тек Қазақстанда ғана емес, көрші елдерде де күрт рекордтық қымбаттауы байқалды, яғни осы нарықтарда ұсыныспен байланысты күтпеген өзгерістер орын алды. Егер талдаудан 2021 жылғы маусымдағы деректерді алып тастаса, онда 2017 - 2020 жыл аралығындағы орташа тарихи норма 0,3%-ға дейін төмендейді. Осыған байланысты айлық инфляция орташа тарихи нормадан да жоғары.

<sup>ii</sup> Шымкент қаласы бойынша соңғы 4 жылдағы (2018-2021 жж.) орташа мән